

Заманауи оқыту әдістемелерінің жеті негізгі модулі

Бағдарламада ұсынылған жеті модуль

- ▣ **Оқытудағы жаңа тәсілдер;**
- ▣ Сыни тұрғыдан ойлауды үйрету;
- ▣ Сыни бағалауды қолдану арқылы оқуды және оқу нәтижесін бағалау;
- ▣ Оқыту үдерісін жетілдіру үшін АКТ және сандық жүйелерді қолдану;
- ▣ Талантты және дарынды балалармен жұмыс;
- ▣ Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты топтардағы оқытудың психопедагогикалық ерекшеліктері;
- ▣ Орта білім берудегі басқару мен көшбасшылық.

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Сыныптағы диалогтің маңыздылығы

Выготскийдің оқытудағы сөздің, сөйлеудің негізгі рөлі туралы пікірі эмпириялық зерттеуде қолдау тапқан. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың білім алуына соншалықты әсер ететінін айтады. Барнс оқытудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербальды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге

асатынын көрсетті. Кейінірек Мерсер және Ходжкинсон (2008) зерттеулері Барнстың ертеректегі жұмысына негізделе құрылып, оқыту барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді. Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін жеткілікті дәлелдер бар. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Диалогтік әңгімені дамыту

Оқытудағы әңгімелесу - қарым-қатынас жасаудың бірсарынды емес, керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүреді, осының негізінде оқушының білім алуында байланыс жүреді (Александрер 2004).

Оқушы екі жақты идеяны ұштастыру арқылы жаңа білімге қол жеткізе алады.

Сыныптағы диалогтің маңыздылығы

Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады (Мерсер мен Лилтон).

Оқушылардың көбірек білетін басқа біреумен (сыныптастары немесе мұғалімі) диалог жүргізуге мүмкіндігі болған жағдайда, оларды оқыту оңай болады (Выготский).

Топтық әңгіме

- Айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әр – қайсысы механикалық түрде келісе беруі;
- Әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы;
- Идея қайталанады және жасалады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді;
- **Идеяның дұрыс және бұрыс жағын бағамдай алу.**

Сыни тұрғыдан ойлау

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы шығуға немесе баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуды, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқа да сынилыққа баулуды білдіреді.

*Сын
тұрғысынан
ойлау*



*Қызығушыл
ықты
ояту*

*Мағынан
ы
тану*

*Ой
толған
ыс*

*Оқушыларды
қалай
қызықтыруға
болады деген
сұраққа жауап*

*Оқушының білімін
қалыптастыру
деңгейінде
оны зерттеу,
талдау,
жауап табу үшін
жеткілікті
материалдар*

*Жаңа алынған
білімді
айқындайтын және
ұштайтын
деңгейде оқушыда
шешім қабылдай
алатын мүмкіндік
болу керек*





Блум таксономиясын қолдану

Кезең	Сабақ бөлімдерінің мақсаты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Жұмыстың түрі	Нәтижесі	Бағалау формасы
Білім	Денсаулық және қоршаған орта туралы мағлұмат беру	Топқа бөліп, сұрақтар қою арқылы оқушыға ой салу	Берілген тапсырма бойынша мәселені шешуге әрекет жасау, қорғау	Топтық жұмыс	Бінтасы оянады, ойын білгенін айтуға үйренеді	Топтық бағалау
Түсіну	Берілген тапсырманы өз сөзімен басқа формада жеткізе алу	Алғаш білімдерін іс жүзінде пайдалануға итермелеу	Топтастыру түріндегі тапсырманы кластер бойынша орындау	Топтық жұмыс	Оқушының белсенділігін және қызығушылығын арттыру	Топтық бағалау
Қолдану	Рөлдік ойынмен байланыстыру арқылы көрсету	Рөлдік ойынды ұйымдастыру	Рөлге еніп көрсету	Топтық жұмыс	Көшбасшылығын таланттылығын байқау, өз-өзіне сенімділігін көру	Топтық бағалау
Талдау	Негізгі ойды анықтау, өзінің мақсатына жету бағытындағы жағдайларды көрсету	Проблема шешуге жетекші тапсырма арқылы жетелеу	Пікірін айтады, талқылайды	Жеке жұмыс	Проблеманы өз дәрежесінде шешеді, өзгені тыңдау білу дағдысы қалыптасады	Бірін-бірі бағалайды
Жинақтау	Қорытынды жасауға машықтандыру	Оқушылардың ойын жинақтап түйін тию әрекетін жасайды	Өз мүмкіндіктерін көрсетуге тырысады	Жеке жұмыс	Өз ойын еркін айтуға үйренеді, жүйелейді	Бірін-бірі бағалайды
Бағалау	Тақырыптың өмірде маңыздылығын, құндылығын айқындау	Оқушылардың іс-әрекеттерін қадағалау	Құндылығын айқындайды	Топтық жұмыс	Әр топ өз жұмысының нәтижесін көре біледі	Бірін-бірі бағалайды

ОҚЫТУ ҮШІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫ БАҒАЛАУ

Бағалау – одан арғы білім алу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Формативтік және жиынтық (жиынтықтайтын) бағалау арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген, бірақ берілген екі терминнің мәні нақты анықталмаған. Іс жүзінде бір мәнге ие болатын бұдан анығырақ айырмашылық жіктеу және есеп беру үшін өткізілетін **оқытуды** бағалау және нақты мақсаты оқушылардың оқуына ықпал етуге арналған оқытудың бөлігі ретінде бағалауды қолдану болып табылатын **оқыту үшін** бағалау арасында жүргізіледі.

Оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған бағалау **формативті** немесе Оқыту үшін Бағалау (ОүБ) болып табылады.

Егер бағалау мақсаты жіктеу, сертификациялау немесе оқытуды жылжыту үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау **жиынтық** болып табылады және кейде оны оқытуды **бағалау** деп атайды.

Формативтік
(қалыптастырушы)- оқыту
үшін бағалау

Суммативтік (жиынтық)-
оқуды бағалау

Коучинг сабақтың мақсаты:

- АКТ-ның сыныпта мұғалімді ауыстыру құралы ретінде емес, оқу үдерісінде көмек көрсетуге арналған тиімді педагогикалық құрал ретінде қолдануды зерделеу.

Коучинг сабақтың міндеті:

- АКТ құралдарын сыныпта тиімді енгізу.
- АКТ-ны мұғалімді ауыстыратын құрал ретінде емес, оқытудың қолданыстағы құралы ретінде қолдану.
- АКТ-ны барлық оқушыларды қатыстыруды болжамдайтын оқу әдісі тәжірибесінде қолдану және оқудың әлеуметтік аспектісін дамыту үшін пайдалану.

ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Фриман (1998) тексеру парақтары мұғалімдерді шатастырып, дарынды, талантты балаларды анықтау барысында дұрыс бағыт бермейтіні жайындағы зерттеулерден мысал келтіреді. «Зерттеулерге негізделген және ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тексеру парағында тиімді қолдану жолдары төменде көрсетілген». (Монтгомери, 1996; Фриман, 1991).


- **есте сақтау және білім:** олардың есте сақтау қабілеттері өте жоғары; олар тек біліп қана қоймай, сонымен қатар сол ақпаратты пайдалана алады.
- **өз білімін жетілдіру:** олар білім беру үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біліп, өзінің оқуын реттей алады.
- **ойлау қабілетінің жылдамдығы:** олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ жоспардың жүзеге асуына тез қол жеткізеді.
- **мәселені шешу:** олар ақпаратты толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жетеді.
- **икемділік:** басқаларға қарағанда ойлау қабілеттерінің жақсы ұйымдастырылғанына қарамастан, олар оқуда және проблемаларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алады.
- **күрделілікке деген сүйіспеншілік:** қызығушылығын арттыру үшін олар күрделі ойын мен тапсырмаларға ұмтылады.
 - ▣ **шоғырлану:** ерте жасынан бастап ерекше қабілеттерін ұзақ уақытқа шоғырлау қабілеттері бар.
- **ерте символдық белсенділік:** олар ерте жасынан сөйлей, оқи және жаза бастайды

Дарындылық

- зияттың немесе қабілеттің жоғары деңгейі. Ол қабілеттілікке (зияткерлікке, шығармашылыққа, әлеуметтік, аффективтік) жатады.

Талант

- музыка, өнер, түрлі қолөнер, би немесе спорт т.б салалардағы жоғарғы деңгей. Ол түрлі саладағы айтулы жетістіктер(ғылыми, техникалық, көркем, жеке тұлғалық, спорттық және т.б) болып саналады.



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ

Джером Брунердің оқу бағдарламасының негізінде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қандай қиындықтағы тапсырма болса да үйренуге болатындығына болжам жасалынған.

Тиімді әдіс деген не? Оқыту және оқу барысындағы балалардың жас ерекшелігінің айырмашылығын зерттеу кезінде жауап беруге тиісті ең бірінші сұрақ осы **айырмашылықтардың түп табиғатына** байланысты. Пиаженің (Пиаже, 1953) *когнитивті дамыту теориясы* балалардың ойлау қабілетінің ересек адамдардікінен айырмашылығы бар екендігін дәлелдеген. Пиаже өз балаларына зерттеу жүргізе отырып, оқыту теориясын жасап шығаруда жасаған бақылаулар нәтижесінде балалардың жас кезінен ересек кезеңге дейінгі аралықта белгілі бір кезеңдерден өтетіндігіне бақылау жүргізген.

**Қысқа
мерзімді**




**Жұмыс
жадысы**

**Ұзақ
мерзімді**

**Рәсімдік
жады**
(іс-әрекетті
қалай орындау
керек)

**Эпизодтық
жады**
(сезім
мүшелерінен
кіретін
ақпарат)

**Семанти-
калық
жады**
(Тең мәнді емес
аспектісі)



*Жас ерекшеліктері
тұрғысынан жады*

*Қысқа
мерзімді*

Баддели, Хитч

Ұзақ мерзімді

Тулвинг

ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Мұғалімнің жетекшілігін дамытуға әсер етудің ерекше түрі былайша анықталады. Жауапты қызметі бар немесе жоқ мұғалімдер:

- іс-тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алуға;
- өзгерістер енгізу үшін әріптестерімен стратегиялық шешімдер қабылдауға;
- бірігіп жұмыс істеуде фактілерді жинауға және қолдануға;
- кәсіби білімді құруға және таратуға атсалысуға міндетті.

Дамыту жұмыстарын ізденіспен шатастыруға болмайды. МКДЖ бағдарламасы «мұғалім ізденуші» түсінігінде емес, «мұғалім дамыту жұмысының көшбасшысы» түсінігінде құрылған.

Оқудағы өзгерістерді басқару мен көшбасшылыққа арналған 5 негізгі стратегия

- Бір топ мұғалімдер материалды бірлесіп әзірлейді, жасайды және тәжірибеде қолданады.
- Мұғалімдер тізбектелген сабақтар топтамасын бағалайды және нәтижелерін өзінң оқыту тәжірибесінде жақсарту мақсатында пайдаланады.
- Мұғалімдердің оқытудың түрлі әдістерін қолдана отырып эксперимент жасайды және өзінің тиімділігін анықтау мақсатында ақпарат жинайды
- Кеңес алу, идеяларды мақұлдау, сынамау мақсатында немесе бұған дейін басқалар қолданған оқыту әдістерін анықтау мақсатында мұғалімдер басқа әріптестерімен қарым-қатынас жасайды
- Мектеп көшбасшылары мектеп сабақтарының белгілі бір аспектілерн ойластыру ,шешу мақсатында мектептегі мұғалімдермен жұмыс істейді.

